

Жарма ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 432 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда № 7910 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 8 сәуірдегі № 120 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Жарма ауданы әкімдігінің 08.04.2026 № 120 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 529 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 17847 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Жарма ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жарма ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Жарма ауданының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушы тасымалдау көлігі және автокөлік жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Жарма ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Жарма ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Жарма ауданы әкімінің орынбасары Т. Муратовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарма ауданының әкімі

А. Нургожин

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы
Каржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Шығыс Қазақстан облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Жарма ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы"
Республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы С. Дюсембаев
" ___ " _____ 2020 жыл

әкімдігінің
2020 жылғы 30 қарашасы
№ 432 қаулысына қосымша

Жарма ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 12.11.2021 № 486 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Шар қаласы	2,5
2	Ақжал ауылы	1,1
3	Жанаөзен ауылы	1,8
4	Аршалы ауылы	1,7
5	Жарықтас ауылы	1,0
6	Әуезов кенті	2,1
7	Солнечное ауылы	1,0
8	8 Март ауылы	1,0
9	Балықтыкөл ауылы	1,0
10	Белтерек ауылы	1,1
11	Бірлік ауылы	1,8
12	Шымылдық ауылы	1,0
13	Сұлусары ауылы	1,7
14	Салкынтөбе ауылы	1,2
15	Қаражал ауылы	1,0

16	Үкілі ауылы	1,0
17	Қалбатау ауылы	2,5
18	Қапай батыр ауылы	1,8
19	Ортабұлақ ауылы	1,0
20	Жаңғызтөбе кенті	1,8
21	№ 10-шы разъезд	1,0
22	Шуақ ауылы	1,1
23	Жарма кенті	1,5
24	Қарақойтас ауылы	1,0
25	Жарық ауылы	1,0
26	Малай ауылы	1,0
27	Қапанбұлақ ауылы	1,0
28	Балықтыкөл стансасы	1,0
29	Егінбұлақ ауылы	1,0
30	Қызылжұлдыз ауылы	1,0
31	Қапанбұлақ стансасы	1,0
32	Кіші Қарасу ауылы	1,0
33	Қоңырбиік ауылы	1,0
34	Асқаралы ауылы	1,0
35	Қаратөбе ауылы	1,7
36	Әди ауылы	1,1
37	Кеңтарлау ауылы	1,3
38	Қарасу ауылы	1,0
39	Қызылағаш ауылы	1,2
40	Суықбұлақ кенті	1,8
41	Терістаңбалы ауылы	1,0
42	Ұзынжал ауылы	1,0
43	Жайма ауылы	1,1
44	Делбегетей ауылы	1,0
45	Үшбиік ауылы	1,7
46	Шалабай ауылы	1,7
47	Кезенсу ауылы	1,2
48	Көшек ауылы	1,0
49	Суырлы стансасы	1,0
50	Сарыарқа ауылы	1,0